

## "Кен-металлургия кешенін мемлекеттік реттеуді жетілдіру туралы"

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 23 маусым N 1287 . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.23. N 2654 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру, Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігін айқындайтын базалық салалардың экономикасын тұрақтандыруда мемлекеттік реттеуші рөлін күшейту және кен-металлургия кешенінде жұмыс істейтін нарықтық құрылымдарды қалыптастыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің "Алтай-ТМ", "Қазақмыс" мемлекеттік холдинг компаниялары, "Лениногор полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамы, "Қазвольфрам" өндірістік бірлестігі құрамында "Қазболат-холдинг", "Металлургжөндеу-холдинг" мемлекеттік холдинг компанияларын және "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы ұсынысы қабылданын. <\*>

"Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясының құрамына "Ақсұңқар" холдинг компаниясы кіргізілсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті тиісті мемлекеттік холдингтердің құрамына кіргізілетін кәсіпорындардың тізбесін бір ай мерзімде бекітсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне, қажет болған жағдайда, Өнеркәсіп министрлігі мен "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясының ұсынуы бойынша холдингтердің құрамына түзетулер енгізу құқығы берілсін.

Ескерту. 1 тармақтың 1 абзацынан - "ӨТМК-холдинг" деген сөз алынып тасталған - ҚР Президентінің 02.05.1994 ж.

N 1687 Жарлығымен.

2. Түсті және қара металлургияны, алтын өндіру /"Алтын-алмас" Ұлттық акционерлік компаниясының кәсіпорындары құрамында/, сирек кездесетін металдар салаларын мемлекеттік реттеу функциясы Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің құрамында Кен-металлургия кешені жөніндегі департамент құрылсын.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Кен-металлургия кешені жөніндегі департамент туралы ережені белгіленген тәртіппен бір ай мерзім ішінде бекітсін.

Департаменттің Бас директоры сонымен бірге қызметі жөнінен Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрінің орынбасары болады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекеттік холдинг компанияларына бірлестіктердің, кәсіпорындардың және олардың құрамына кіретін ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқын берсін.

Мемлекеттік холдинг компанияларының құрамына кірмеген акционерлік қоғамдардың, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқы "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясына берілсін.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерлік қоғамдар болып қайта құрылуына қарай акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері холдинг компанияларына, холдингтердің құрамына кірмеген акционерлік қоғамдар бойынша акциялардың мемлекеттік пакеттері -"Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясына беріледі деп белгіленсін.

"Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясына оның құрамына кіретін мемлекеттік холдинг компанияларының акциялары беріледі.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі бір ай мерзім ішінде құрылтай құжаттарының пакетін дайындасын.

5. "Қазақстан түсті металдары", "Алтыналмас" Ұлттық

акционерлік компанияларының және мемлекеттік холдинг компанияларының Президенттерін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрінің Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісіп ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Осы Жарлық күшіне жарияланған сәтінен бастап енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК